

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Күзгі жапырақтар

ЖАРИЯЛАНДЫ
19.10.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/83362/>

Ушибаева Хуррият Маратқызы

Білім беру саласы: «Коммуникация»

Оқу қызметі: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: Күзгі жапырақтар

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту, дыбыстарды анық айтуға үйрету. Күз мезгілінің ерекшеліктерін айтып түсіндіру, жапырақтардың түсін ажыратуға үйрету. Дәстүрден тыс әдісті қолдана отырып жапырақтарды бояуға үйрету. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауап

Көрнекілігі: Түрлі-түсті жапырақтар

Әркет кезеңдері

Тәрбиешінің әрекеті

Балалар әрекеті

Мотивациялық қозғаушылық	<p>Сәлеметсіңдер ме , балалар! Біздің тобымызға қонақтар келіпті амандасайық.</p> <p>Қонақтармен амандасып алдық енді саусақ жаттығуын жасап алайық. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінде ауа райы қандай болады? Күз мезгілінің ерекшелікерін атап айтайықшы.</p>	<p>Сәлеметсіздер ме , қонақтар! Сәлеметсің бе? Саусақтар амандасады. Күз мезгілі Күн суытады Жапырақтар сарғайып жерге түседі, бау-бақшадан көкөніс-жемістер жинап алынады.</p>
Ұйымдастыру-шылық Ізденушілік	<p>Балалар бізге қонақ келе жатқанға ұқсайды, тыңдайықшы. (күз ханшайымы кіреді) -Сәлеметсіңдер ме! Қош келдің Алтын күз. Балалар Күз ханшайымына күз жайлы тақпақтарымызды айтып берейікші.</p> <p>-Күз ханшайымы неге көңілсізсің? -Бақшада жаңбыр жауып жапырақтарымның бояуы ағып кетті. Ренжіме Алтын күз біз саған көмектесеміз, солайма балалар? Ендеше балалар шығармашылық орталығына барып жапырақтарды бояп берейік. Дайын жұмысты бағалау Балалар бояған жапырақтарды Алтын күзге тапсырайық. -Рахмет сендерге балалар, қызыл жапырақтарымды көріп қуанып қалдым. Сау бол Алтын күз келесі кездескенше! Ойын: «Түсін тап» Шарты: Балалар жасыл және сары жапырақтарды түсіне қарай ажыратып ағаштарға жапсырады. Мақсаты: Балаларға жапырақтардың түсін ажыратуға үйрету. Жарайсыңдар балалар! Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатыстыңдар. Белсенді балаларды мақтап мадақтау.</p>	<p>Сәлеметсіз бе! Айару Астық жеміс жиылды, Қамбамызға құйылды. Ардақты күз мың алғыс, алдық өнім сыйымды</p> <p>Ақжігіт Сарғайды тоғай, Сап-сары маңай. Соңғы әнін айтып, Күз кетті қайтып.</p> <p>Амина Күздің қазан айында, Алма, алмұрт піседі. Жапырақтар сарғайып. Сыбдыр-сыбдыр түседі.</p> <p>Адиля Береке бақ дарыған, жомарт көңіл, жарқын жүз. Сары алтынға малынған. Жетті міне алтын күз.</p> <p>Ия, көмектесеміз</p> <p>Жарайды</p> <p>Сау бол Алтын күз.</p> <p>Балалар ойынға белсене қатысады.</p>
Рефлексиялық түзетушілік		<p>Балалар мақтау сүйеді.</p>

Күтілетін нәтиже

Балалар түстерді ажыратуға үйренді

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.